

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Археология, этнология және музеология кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама № 2 «29 қыркүйек» 2025 ж.

Факультет деканы Байғұнаков Д.С.



**7302 «ӘЛЕМДІК АРХЕОЛОГИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ПӘНІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

«8D02210 -Археология» білім беру бағдарламасы

1 курс, күзгі семестр

5 кредит

Алматы 2025 жыл

Кіріспе

Докторантар «Әлемдік археологияның заманауи мәселелері» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, докторант емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында докторант ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа докторанттармен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, докторант емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Докторанттардың жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне еңгізеді.
2. Оқытушы барлық докторанттардың баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге докторанттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер докторант емтихан тапсыру ережесін бұзса, докторанттардың емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежисі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Әлемдік археологиядағы заманауи ғылыми мектептер
2. Мәдени мектеп миграционизм (Г. Уилли және Ф. Филлипс еңбектері). «Жаңа археология» және «процессуалды археология» (Л. Бинфорд және Д. Кларк)
3. Археология саласындағы еуропалық және америкалық зерттеулердегі заманауи тенденциялар
4. Заманауи зерттеулердегі кеңестік археология мектептерінің дәстүрлері
5. Гуманитарлық білім жүйесіндегі археологияның теориялық бағыттары
6. Археологиялық терминологияны дамыту және қалыптастыру процесі. «Археологиялық мәдениет» терминінің қалыптасуы
7. Археологияда жаратылыстану әдістерін қолдану. Әлемдік археологияның іргелі мәселелері.
8. Ерте темір ғасыры және интердисциплинарлық зерттеулер
9. Археологиядағы интердисциплинарлық зерттеулер
10. Суасты археологиясы мәселелері
11. Қазақстан сақтары мен үйсіндері археологиясының негізгі мәселелері
12. Туризм мен археология арасындағы қайшылықтар
13. Қазақстанның ортағасыр археологиясы мәселелері
14. Археометрия әдістері
15. Археологиялық ескерткіштерді сақтау мәселесі


ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Әлемдік археологияның заманауи мәселелері

Форма: жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ

Балл Критерилер	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	1 сұрақ. Максималды балл – 33 балл				
	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Әлемдік археологиядағы заманауи ғылыми мектептер мен теорияларды түсіну	"Өте жақсы" деген баға әлемдік археологияның негізгі теориялық мектептерін терең талдап, ғалымдардың еңбектерін ғылыми тұрғыда саралап, сабақта өткен материалды толық меңгеріп, ғылыми тұжырымдар жасап, сұраққа толық әрі дәйекті жауап жазу.	"Жақсы" деген баға жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұраққа толық жауаптың жазылуы, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұраққа дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
2 сұрақ. Максималды балл – 33 балл					
Балл Критерилер	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Білім мен әдістемелерді қолдану, зерттеу саласындағы мәселелерді шешуді негіздеу. Археологияның негізгі мәселелерін ұғынуы.	Әлемдік археологияның заманауи мәселелеріне қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы: «8D02210 -Археология» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.



Кафедра менгерушісі Жуматаев Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитеттің төрайымы  Бижанова М.Т.
« 05 » 09 2025 ж., хаттама № 1